

Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Путь Ильича ауылының және Мәмәйт Омаров атындағы ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 1-03/1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 шілдеде № 5583 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылы және Путь Ильича ауылындағы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Путь Ильича ауылындағы келесі көшелері:

"Ленин" көшесі "Әлихан Бөкейханов" көшесі болып;

"Садовая" көшесі "Ілияс Жансүгіров" көшесі болып;

"Пролетарская" көшесі "Еңбек" көшесі болып қайта аталсын.

2. Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылындағы "Ақтоғай" көшесі "Рашат Бекжанов" көшесі болып қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Селолық округінің әкімі

Ж. Қайырханов